



# МАҒИСТАЗ МҰҒАЛІМІ

№24 (348)

28 желтоқсан, 2020 жыл

Ақпараттық, танымдық және әдістемелік басылым 2006 жылдың 6 мамырынан бастап шыға бастады

## ТӘУЕЛСІЗДІК - ТАҢ НҰРЫМ!

Тамыры тереңнен бастау алатын қасиетті ұғым - Тәуелсіздік! Тұғыры мықты, таңымыз нұрланып атқан, елдігіміз ерен еңбектің арқасында жер-жаханға жайылған елім менің, туған жерім – Қазақстан! Міне, осы тәуелсіз туымыздың желбірегеніне биыл 29 жыл толды. Тарих қойнауына үңілсек тәуелсіздігіміздің көк туының биіктен желбіреуіне Алаш зиялыларының маңдай тері мен аққан қаны, әрқашан ел бірлігін сақтауда шешен билеріміздің даналығы, Керей мен Жәнібектен бастау алған қазақ хандығы мен қазақ батырларының көзсіз ерліктері тарих бетшелерін парақтайды. Ұлан-ғайыр жерді қасық қаны қалғанша қорғаған ер бабамның болашаққа тартуы, биік туы болған - осы Тәуелсіздік! Қазақ халқының бастан өткерген сан қилы

қиындықтары аштық, соғыс, отаршылдық - азаттықты аңсаған ғаламат ұлттың бойынан беріктікті, қанынан қайсарлықты, білегінен күшті, өңешінен өжеттілікті, сонымен қатар тірескен табандылықты жанши алмады. Терең тыныс алған ер бабамның ерлігі мен өшпес даңқы елесінде!

Тәуелсіздік - нұрлы таңым, тамырым! Біз егемендіктің дәмін татқан болашағы жарқын ұрпақпыз. Дінімізбен тілімізді, бірлігімізбен мәдениетімізді сақтай алған, егемендіктің бесігінде тербелген шаңырағы биік, керегесі кеңелміз!

Ұлт зиялысы Ә.Бөкейханов мақсат еткендей, «Жердің астыңғы, үстіңгі, аспанындағы барлық игілік қазақ мемлекетіне қызмет етуі керек!» деген мағынасы терең, мақсаты айқын, талабы

таудай арманның орындалуы да Тәуелсіздігіміздің арқасында іске асып жатыр. Егеменді елімнің ертеңіне мол сеніммен қарап, Отанға деген сүйіспеншілігі мол жас ұрпақтың сапалы білім алып, саналы азамат болып өсулеріне де барлық жағдай жасалынған. Ендеше тәуелсіз елімнің туы биік самғап, еліміз көркейіп, болашағымыз жарқын болсын! Осындай ұлы мерекеде халқыма мықты денсаулық, ажырамас бірлік, аспаны ашық тыныш заман тілеймін!

Айтгүл МЕРГЕНБАЙҚЫЗЫ,  
№ 5 орта мектептің  
тарих пәні мұғалімі,  
Қарақия ауданы

## Білімді ұрпақ – ел болашағы



«Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды» дегендей, жас ұрпаққа тәрбие мен білім беру бүгінгі күннің басты талабы. Жақында ауданымызда Күйкен орта

мектебінде 5-6 сынып оқушыларына арналған республикалық олимпиаданың облыстық кезеңі онлайн режимінде ZOOM конференциясы арқылы өтті. Олимпиаданың мақсаты білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін және пәнге деген қызығушылығын арттыру, дарынды балаларды қолдау. Облыстық олимпиадаға Бейнеу ауданы бойынша 36 оқушы қатысып, нәтижесінде математика пәнінен Қарақұм орта мектебінің 5- сынып оқушысы Тұрсынбай Саян І орынды иеленді. Саян қазіргі таңда 5-6 сынып оқушыларына арналған олимпиаданың үшінші кезеңіне іріктеуден өтіп, республикалық олимпиадаға дайындық үстінде. Жетекшісі - Андабаева Нургүл Бергеналиқызының сенімін, үмітін ақтап Саянымыз тағы бір асуды бағындырады деп сенеміз!

Санзира БЕРИКБАЕВА,  
Қарақұм орта мектебінің  
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі,  
Бейнеу ауданы

## Экологиялық білім, сарқылмас ілім

«Әлемдегі ең үлкен құндылық - өмір: бөтен, өз, жануарлар әлемі мен өсімдіктердің өмірі, мәдениет өмірі, өмір бойы - өткен, қазіргі және болашақта... және өмір шексіз терең. Біз әрқашан бұрын байқамаған нәрсені кездестіреміз, ол бізді өзінің сұлулығымен, күтпеген даналығымен, бірегейлігімен таң қалдырады.»  
Д.С. Лихачёв

Қазіргі уақытта экологиялық білім әлемде де, біздің республикамызда да ерекше маңызға ие. Жаңа оқу жылының басында Білім министрі Асхат Аймағанбетов мектептегі экобілім мен тәрбие туралы сөз қозғаған. Мемлекет басшысының өзі мектептерде экологиялық білімді енгізуді тапсырған. Экологиялық тәрбие жауапкершілік, адамгершілік және ізгілік деген ұғымдарды да қамтиды.

Қазіргі таңда барлық мектептерде дерлік экологиялық білім беру қолға алынған. Экологиялық білім мен тәрбие түрлі бағытта беріледі. Мысалы: жылыжаймен жұмыс, сынып сағаттары, ғылыми жобалар, жергілікті жердің өсімдіктері мен жануарларын зерттеу мақсатында танымжорықтарға шығу, түрлі аудандық, облыстық сайыстарға қатысу.

Білім ошағымыз Қарақұм орта мектебінде екі жылдан бері жылыжай жұмыс жасайды. Жылыжайда мек-

тебіміздің экологиялық-биологиялық мақсатында құрылған «Жас экологтар» үйірмесі күтіп, баптайды. Үйірме «Мектеп үйірмесі-2020» облыстық балалар мен жасөспірімдер туризмі орталығының ұйымдастыруымен өткен сайыста сертификатпен марапатталды.

Сонымен қатар мектебімізде жасыл мүйіс, тоты құс пен ақ торғайлар, аквариумда балықтар, мүйісте ұлулар бар. Мектеп дәлізіндегі жасыл өсімдіктердің саны күннен күнге артуда. 300-ге жуық бөлме өсімдіктері мен мектеп ауласында 360 ағаш отырғызылған. Мектеп алаңы тас жолдармен өріліп, заманға сай демалыс орындықтармен жабдықталған. Мектеп директоры Бектембаева Зәрипа мектебіміздің көркеюіне зор үлесін қосуда.

«Қоғамымызды құруымызға қарай азаматтарымыз өз өмірінің аяғына дейін сау болуы және оларды қоршаған табиғи ортаның таза болуы үшін күш салуы керек», — деп көрсетілген Елбасының халыққа Жолдауындағы сөзімен аяқтаймын.

Зерлеш БЕГЕНОВА,  
Қарақұм орта мектебінің  
тәрбие ісі жөніндегі орынбасары,  
Бейнеу ауданы



## Қашықтықтан өткізілетін спорттық іс-шаралар жоспары

- Адам жүз жыл жасай алады,-дейді И.П.Павлов. - Біз өзіміздің күйгелектігімізбен, өзіміздің тәртіпсіздігімізбен, өзіміздің ағзамызға бейберекет қарауымызбен осынау қалыпты мерзімді анағұрлым азайтып аламыз.

Иә, денсаулықтан асқан байлық бар ма? Оған қоса, мына елімізде болып жатқан жағдайға байланысты, денсаулықты күту ерекше маңызды. Қазіргі таңда бәрі қашықтықтан оқытуға өткен соң отырыс көп, қозғалыс жоқ, дұрыс тамақтанбау және компьютер, телефонға үңіліп, көздердің де жұмысы нашарлай бастады. Өзімізге шынайы қарамаудың салдарынан денсаулығымызды құртып алудамыз, мұның өзі ағзаларымыздың дұрыс жұмыс істемеуіне әкеліп соқтырады. Спорт немесе дене қимылы қалай болғанда да тынымсыз жұмыс істеуді талап етеді. Демек, талап қана денсаулыққа кепіл бола алады. Олай болса, оқушыларға тек қана бейне жаттығуларына сілтеме жіберіп қана қоймай, түрлі жарыстар ұйымдастыру арқылы спортқа деген қызығушылығын оята отырып, (күнделікті жаттығу, жүгіру, дененді ширата түссе) денсаулықтарын нығайтуға кішкене болса да үлес қоса аламыз, бір жағынан оқушының спорттың өзі қалаған түріне икемделе басталуына жол ашамыз. Сол себепті қазіргі жас мамандарға көмек ретінде өзім жасақтаған қашықтықтан өткізілетін спорттық іс – шаралар жоспарын ұсынғым келіп отыр.

І жарты жылдыққа арналған қашықтықтан өткізілетін іс – шаралар жоспары				
р/с	Мазмұны	Өткізілетін сынып	Орындау уақыты	Жауапты мұғалім
1	Денсаулық фестивалі-2020	Барлық сынып	Қыркүйек	
2	«Қайырлы таң балақай!» таңғы жаттығуы	Барлық сынып	Қыркүйек	
3	«Гимнастикалық акробатика»	5-7 сынып	Қазан	
4	«Гимнастикалық акробатика»	Барлық сынып	Қазан	
5	Шахмат апталығы	Ойыншылар	Қазан	
6	«Қажымұқан боламын» гір тасын көтеру	4 сынып	Қазан	
7	Тоғызқұмалақ апталығы	Ойыншылар	Қазан	
8	Волей–челлендж (қыздар арасында)	9 сынып	Қазан	
9	«Асық ойнаған озар»	8 сынып	Қазан	
10	Шалқадан жатып денені көтеру (қыздар)	7 сынып	Қазан	

11	Футбол әдіс-тәсілі (ер балдар)	7-10 сыныптар	Қараша	
12	Эстафеталық таңғы жаттығу	Бастауыш сыныптары	Қараша	
13	Эстафеталық таңғы жаттығу	Жоғарғы сынып	Қараша	
14	Бестемше	Ойыншылар	Қараша	
15	Лайк тайм «Ең үздік спорттық жаттығу»	1-4 сынып	Қараша	
16	Лайк тайм «Ең үздік спорттық жаттығу»	5-8 сынып	Желтоқсан	
17	Тұңғыш Президент күніне «Дойбы» апталығы	Ойыншылар	Желтоқсан	
18	Секіртпемен секіру	5-6 сынып	Желтоқсан	
19	Тәуелсіздік күніне «Таңғы жаттығу» челленджі	Барлық сынып	Желтоқсан	
20	Ләңгі тебу	Ойыншылар	Желтоқсан	
21	«О,СПОРТ» спорттық мақал айту челленджі	5-6 сынып	Желтоқсан	

А.ҚҰЛБЕРГЕН  
Ж.Мынбаев атындағы мектеп-гимназиясы,  
Түпқараған ауданы

## «Тілдік пәндерде оқылым дағдыларын дамыту» апталығы

Білім мазмұнының жаңартылуына неғұрлым баса назар аударылғаннан соң, біртіндеп, мектептердегі басқа да іс-шаралардың форматына жаңашылдық енгелі жасалған жұмыстардың өнімділігі арта түсті. Бұл, әрине, нәтижемен және жасалған жұмыстың тиімділігін анықтау бағытындағы саралау жұмыстарымен де байланысты. «Ақшұқыр мектеп-гимназиясы» коммунал-




дық мекемесі екінші оқу тоқсанында жоспарлы апталықтар жұмыстарын сапалы атқаруға белсене кірісті. Осы шаралар бағытында «Тілдік пәндерде оқылым дағдыларын дамыту» тақырыбы аясында 23 қарашадан бастап бастауыш сынып апталығы өткізілген болатын. Апталықтың ұйымдастырылуы да, өтуі де синхронды форматта, барлық мұғалім мен оқушы, ата-аналар да қатыстырылды.

Онлайн түрде 23 қарашада «Ашылу алаңы» айдарымен Ақшұқыр мектеп-гимназиясының директоры Рахиева Айжан Оңайбайқызына және бастауыш сыныптың оқу ісінің меңгерушісі Тілеміс Тазагүл Тыныштыққызына сөз кезектерін бере отырып, апталықтың ашылуы болды. «Оқушы, ұстаз, ата-ана – үштік Одақ»

тақырыбы бойынша 1-ші сыныптар арасында бастауыш сынып мұғалімі Тәжібаева Айкен тренинг сабағын өткізіп, ата-аналар мен мұғалімдерге сауалнамалар жүргізді, сауалнама қорытындысы, ата-ана мен оқушылардың байланыс жасап отырған, ZOOM платформасында айтылды.

24 қараша – «Тәжірибе алмасу» алаңы. «Тілдік пәндерде белсенді әдістерді қолдану» тақырыбы аясында бастауыш сынып мұғалімі Калиева Дәметкен Жиенғалиевна шеберлік сыныбын өткізді. Әріптес сабағы мұғалімдер үшін құнды да, қызықты болды. Оның ерекшелігі сабақ тапсырмаларының сабақ мақсатымен үндесіп, білім алушылардың қабылдауына ыңғайлы, әрі түсінікті болуында және әдіс-тәсілдердің тиімді қолданылуында. Бұл сабақта көптеген әдіс-тәсілдерді үйрендік: «Сәйкестендіру», «Ойлап тап!», «Формулалар» т.б. Сонымен қатар бұл күні психолог Абатова Алима және дефектолог Меңдешова Назгүл әріптестердің арасында ынтымақтастық ортасын құрып, «Біз біргеміз, берік іргеміз» атты психологиялық тренинг жасады. Әріптестерге де, тәлім алушылар мен оқушыларға да маңызды, әрі эстетикалық-этикалық нормалары қабысқан көркем тренинг болды.

25 қараша рухани өсуімізге ықпал еткен сәтті күндердің біріне айналды. Данышпан хакім Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына орай «Абайды білмек керек - ойлы жасқа» тақырыбы аясында Абай өлеңдерін мәнер-



леп оқудан, қара сөздерін айтудан, әндерін шырқаудан, сонымен қатар 2,3,4-сыныптар арасында «Менің жеке және виртуалды кітапханам» тақырыбы аясында сайыс өтті. Оқушылар тікелей эфирде, бетпе-бет кездескендей күй кешіп, тамаша шығармашылық кештің куәгерлері болды.

26 қараша «Ең үздік туындылар» тақырыбы аясында 2, 3, 4 - гимназия сыныптары арасында зерттеу жобалары өткізіліп, сонымен қатар «Шебердің қолы ортақ» тақырыбында 1-4 - сыныптар арасында қолөнер көрмесі өткізілді. Жалпы сайысқа қатысқан оқушылардың барлығы да алғыс хат пен марапатқа ие болды.

27 қараша – «Қорытындылау» күні. Апталық қорытындысы бойынша бастауыш сынып мұғалімдері Қаржаубаева Зәуреш және Джумағалиева Назира әріптестеріміз өз дәрежесінде ашық сабақ өткізді. Апталықтың жабылуы сайысқа қатысқан оқушыларымызды жеткен жетістіктерімен құттықтаумен және музыкалық әуенмен аяқталды.

Жанар ҚОСЩАНОВА,  
Ақшұқыр мектеп-гимназиясының  
бастауыш сынып мұғалімі,  
Түпқараған ауданы

## Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев өзінің «Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына қосылу стратегиясы, Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында» атты халыққа жолдауында ұлттық қауіпсіздік пен қоғамдық тұрақтылыққа төнген қатер ретінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі жалпыұлттық кешенді бағдарламаны дәйекті түрде жүзеге асырудың қажеттігін айтып, сыбайлас жемқорлық қоғамның барлық мүшелеріне, сондықтан жемқорлықпен күрес жалпы барша халықтың борышы екенін атап көрсетті.

Жемқорлықты қоғамдық құрылысымыздың ішінен жегі құрттай кеміріп жатқан жазылуы қиын ауруға теңесек, оның бетін қайтару үшін осы кеселді болдыртпаудың кешенді жолдарын қарастыруымыз керек.

Сыбайлас жемқорлықпен күрестің негізгі қағидаларын сақтау және жүзеге асыру сыбайлас-жемқорлықпен күресте өте маңызды. Бүгінгі таңда сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және әшкерелеу үрдісі жылдан жылға өсе түсуде. Парақорлықпен елімізде көбіне-көп қолында билігі бар, шешім шығаруға, бөліп бергізуге өкілеті жететін қызметкерлерінің айналысып отырғанын көрсетіп берді. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлықпен күресті барлық мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейтіп, одан бір нақты нәтиже шығармай, алға қойған мақсатқа толық жете алмаймыз. Жемқорлықпен күрес – науқандық шара емес. Онымен әрбір ұжым, бүкіл халық болып күресуіміз қажет.

А.ТҰРАҚБАЕВА,  
Облыстық балалар мен жасөспірімдер туризмінің орталығы  
Ақпараттық-талдау бөлімінің жетекшісі





## Қашықтан оқытудың тиімділігі мен ерекшелігі



Бүгінгі уақытта білім алудың ілгері даму мүмкіндігі зор тәсілдерінің бірі – заманауи телекоммуникациялық технологияларды, атап айтқанда интернет желісін қамтамасыз ететін мүмкіндіктерді

қолдана отырып, қашықтан оқыту. Қашықтан оқытудың тиімділігі оған енгізілген педагогикалық мағынамен анықталады, оның түсіндірулерінің ішінде екі түрлі көзқарасты бөліп көрсету керек. Біріншісі, бүгінгі күні кеңінен таралған, қашықтан оқыту арқылы мұғалім мен оқушы арасында ақпарат алмасуды білдіреді. Қашықтан оқытудың басым бағыты – қазіргі заманғы телекоммуникация құралдарының көмегімен құрылған оқушының жеке танымдылығының қызметі. Бұл тәсіл білім беру субъектілерінің өзара іс-қимылының интерактивтілігін және оқу процесінің өнімділігін қамтамасыз ететін ақпараттық және педагогикалық технологияларды біріктіруді көздейді. Бұл жағдайда ақпарат алмасу және жіберу оқушылардың нәтижелі білім беру қызметін ұйымдастыру үшін көмекші ортаның рөлін атқарады.

Білім берудің жеке, креативті телекоммуникациялық сипаты-бұл түрдегі қашықтан оқытудың негізгі белгілері, ал оның мақсаты — қашықтағы оқушының шығармашылық өзін-өзі көрсетуі. Қашықтан оқыту интернет-білім берумен тығыз байланысты, бірақ онымен бірдей емес және ұғымдар тұрғысынан екінші – жаһандық желінің мүмкіндіктерін қолдана отырып, оқытудың техникалық және технологиялық ерекшеліктерін қатаң реттейтін бірінші түрдің айырмашылығы. Осы жылы әлемде орын алған пандемияға байланысты еліміздегі білім жүйесі

қашықтан оқыту форматына көшті. Осы кезде ұстаздар қауымында сабақты қалай ұйымдастыруға болады, өз уақытыңды қалай дұрыс пайдалануға болады? Ата- анамен қалай тиімді байланыс жасауға болады? – деген көптеген сұрақтардың туындағаны рас. Қашықтан оқытудың ерекшеліктерін зерттеу (қашықтағы сабақтарды ұйымдастыру, жоспарлау). Сонымен қатар, қашықтан оқытуда қалай «оқу үдерісін жоспарлауға болады?» деген сұраққа жауап ала аласыз. Бұнда берілген кеңестер: барлық жұмысты бірден жүзеге асыруға тырыспаңыз. Қашықтан оқыту кезеңінде қандай мақсаттарыңызға қол жеткізуге болатынын мұқият ойластырыңыз; қашықтан оқытудың ең қарапайым бір-екі құралын таңдап алып, солармен жұмыс істеуді бастаңыз. Бірден көптеген құралдарды қолдануға тырыспаңыз; қашықтан оқыту кезеңінде Сіздің оқу сценарийлеріңіз неғұрлым қарапайым, түсінікті және шынайы болса, оларды ойдағыдай жүзеге асыру және қажетті нәтижеге қол жеткізу мүмкіндігі соғұрлым көбірек болады; оқытудың жаңа форматына Сіз ғана емес, оқушылар мен олардың ата-аналары да жаңадан бейімделуде екенін, олар да Сіз сияқты мазасызданатынын есіңізде ұстаныңыз; оқушыларыңыздың ерекшеліктерін ескеріңіз және онлайн сабақты жоспарлау барысында сабақ мақсаттары мен тапсырмаларды әзірлеп, бір немесе бірнеше саралау тәсілін таңдаңыз.

Оқуға қатыстыру модулінде тақырып аясында “Оқушыларды оқу үдерісіне қалай ынталандыруға/тартуға болады?” деген мәселе қарастырылды. Бұл сұрақты шешуде оқушыларды оқыту үдерісіне ынталандыру факторларын, әдіс-тәсілдерін анықтау аса маңызды. Шәкірттерді оқуға қызықтыру, ынталандыру жайлы ойлаған кезде, біз олардың ішкі ынтасын арттыру жолдарын түсінуге тырысамыз. Оқуға қатыстыру дегеніміз оларды қызықтыру, жаңа бір нәрсе жасап көруге, таңдауға, қателесуге, қайтадан бастауға, табысқа жетуге ұмтылуға мүмкіндік беру. Қашықтан оқыту сабақтарының түрлері бір жағынан педагогикалық процестің ерекше-

ліктерімен, екінші жағынан — оқыту орталығының қарамағындағы ақпараттық және телекоммуникациялық құралдар мен сервистердің жиынтығымен анықталады. Тәжірибе қашықтан оқытуда сабақтың келесі түрлерін қолдану өнімділігін көрсетеді. Кіріспе сабақ бүкіл курсты қамту, оның мәселелерін, алдағы сабақтарды шолу мақсатында өткізіледі. Оны білім беру серверінде веб-беттер жиынтығы түрінде жасаған жөн. Жеке сабақ-кеңес беру әр оқушының ерекшеліктерін ескере отырып, әр түрлі формада өткізіледі. Электрондық пошта бойынша қашықтықтан өткізілетін конференция қашықтықтан хат алмасу аясында бір мәселені талқылаудың құрылымы мен регламентін әзірлеуді талап етеді.

Қашықтан оқыту кезінде ата-аналармен өзара тиімді қарым-қатынасты ұйымдастыруға көмектесетін материал ұсынылды. Қашықтан оқыту кезіндегі ата-ананың рөлі аса құнды екеніне назар аударуға болады. Себебі: ата-ана қадағалаушы, қолдаушы және қорғаушы. Қашықтан оқытуда, бала ата-ана мен ұстаздың қолдауына, көмегіне қаншалықты зәру болса, ата-ана мен ұстаздар да бір- бірімен тығыз байланыста болу керектігін көрсетті. Онлайн курста осы мәселелерді де жауабын тапқандай болдым. Қорыта айтқанда ашық онлайн-курсы отандық ұстаздар үшін оқытудың тиімділігін қарастыруымен тиімді әрі пайдалы болды. Қашықтан оқытудың ерекшеліктері мен түрлерін зерттеп, онлайн-сабақтардың оқу үдерісін жоспарлауды, оқу жетістіктерін бағалауды ұйымдастыруды үйрендік. Қашықтан оқыту қазіргі заман талабы болса, оны ұйымдастыруда педогог-ұстаздардың біліктілігі жоғары, зияткерлік және кәсіби деңгейі жоғары деңгейде дамыған болуы өте маңызды.

**Х.САНАБАЕВА,**

**Жалау Мыңбаев мектеп –гимназиясының география пәні мұғалімі, Түпқараған ауданы**

## Кәсіби құзыретті маман даярлау-заман талабы

Қазіргі таңда құзыретті маман даярлау- техникалық және кәсіптік білім беру мекемелері үшін аса өзекті мәселенің бірі болып отыр. Құзыретті маман - оқу орнының мәртебесі мен беделін, заман талабына қарай рейтингісін де көтеретін бірден-бір көрсеткіш десек болады. Соңғы жылдары колледж студенттерінің мамандық бойынша меңгерген дағдыларын байқау мақсатында облыстық және халықаралық worldskills конкурсы өткізіліп келеді.



Бұл қандай конкурс, мақсаты не? Ең бірінші қай ел осындай байқау өткізіпті? деген сұрақтарға жауап іздедім. Таптым да таңдандым...

Ең алғаш рет 1947 жылы Испания өзінің алғашқы ұлттық кәсіптік оқыту байқауын өткізген. Азаматтық соғыстан кейін қалпына келтірілген елде білікті жұмысшылардың жетіспеушілігі өте жоғары болған. Жұмысшы мамандықтар дайындай-

тын оқу орындары жұмысшылардың танымалдылығын арттыруға бағытталған бағдарлама қабылдайды. Испанияның зауыттары осы идеяны қолдап, әрі қарай дамуына ықпал жасайды. Бұл байқау еліміздің білім саласына енгеніне көп болған жоқ, бірақ чемпионатты өткізуге оқу орындары мен жұмыс беруші мекемелердің қызығушылығы жылдан-жылға арта түсті. Жұмыс беруші мекемелерге мамандығына сәйкес шеберлікті меңгерген дайын маман қажет. Колледжілердің түлектері жұмысқа көп орналасса, оқу орнының ел алдында абыройы көтеріліп, беделі арта түседі. Worldskills байқауы кәсіптік білім беретін оқу орындары мен кәсіпорындарды біріктіретін жұмыс. Оқу орны мен кәсіпорындар болашақта тығыз байланыста болу керектігін жақсы түсіне бастады. Қазақстандық кәсіптік білім беру мекемелері де әлемдік стандартқа сай маман даярлай алатындығын іс жүзінде көрсете білді. Біздің оқу орнымыз worldskills чемпионатына жыл сайын белсенді қатысып, жұмысшы мамандығы бойынша үздік мамандар шығара алатындығын дәлелдеді. Маңғыстау энергетикалық колледжі 2016 жылдан бері аталған конкурста сайыскерлерін баптап қосып, жүлделі орындарға қол жеткізді. Еліміздің, облысымыздың

экономикасын дамытуға қомақты үлесі қоса алатын - «Электромонтаждық жұмыстар», «Сантехника және жылыту», «Сигналдау, орталықтандыру, блоктау және автоматика жабдықтарын жөндеу», «Зертханалық және химиялық талдау», «Слесарлық іс» құзыреттіліктер бойынша колледжіміз көш бастап келеді.

Жылдан-жылға чемпионатқа деген қызығушылық оянып, worldskills стандартына сай мамандар даярлау өзекті болып отыр. Тынымсыз еңбектің нәтижесінде Энергетикалық колледж студенттері «WorldSkills Aktau-2019» өңірлік чемпионатында «Сантехника және жылыту», «Электромонтаждық жұмыстар», «Слесарлық іс» құзыреттері бойынша I-орын, «Worldskills Kazakhstan-2019» чемпионатында «Электромонтаждық жұмыстар» бойынша III-орын, «Сантехника және жылыту» бойынша I-орын, «Worldskills Uzbekistan-2019» ашық чемпионатында «Сантехника және жылыту» бойынша II-орынға ие болды. Биылғы оқу жылының 15-20 қыркүйек аралығында жасөспірімдер арасында өткен «Junior Skills Russia-2020» байқауында колледжіміздің студенттер тобы «Электромонтаждық жұмыстар» құзыреті бойынша жүлделі I-орынды қанжығасына байлады.

Биылғы «WorldSkills Aktau-2020»

өңірлік чемпионатында «Сантехника және жылыту», «Электромонтаждық жұмыстар», «Слесарлық іс» мамандығы бойынша білім алушыларымыз I-орынға ие болып, алдағы өтетін «Worldskills Kazakhstan-2020» чемпионатына жолдаманы жеңіп алды. Бұл жеңіс оқу орнымыздың шеберлері мен оқытушыларының төккен тері мен аянбай еткен еңбегінің жемісі деп есептеймін. Колледж әкімшілігі бұған стратегиялық маңызы бар мәселе ретінде қарап, ұйымдастыру жұмыстарын тиімді жүргізіп отыр.

Маңғыстау энергетикалық колледжінің ұжымы тәуелсіз еліміздің және өзіміз тұратын өлкенің әлеуметтік жағдайы мен мәдени өмірін, экономикасын көркейтуге зор үлес қоса алатын білімді, жалынды, білікті мамандар дайындау ісіне белсенді қатысады, еңбек нарығына қажетті мамандар дайындауға атсалысады. Біздің ұжым «Worldskills» стандартына сай құзыретті жұмысшы жастарды дайындауда өз үлесін қоса береді деп нық сеніммен айтамын.

**Қуат АЛҒАШЕВ,**

**Маңғыстау энергетикалық колледжінің оқытушысы, Ақтау қаласы**





## ИНКЛЮЗИВТІ ОҚЫТУ: ШЫҒАРМАШЫЛЫҚҚА БЕЙІМДЕУ ЖОЛДАРЫ



*Ерекше сұранысты қажет ететін балаларға білім беру кез келген ел үшін негізгі міндеттердің бірі болып табылады.*

*Бұл – әркім өз іс-әрекетінің қажеттігі мен қатыстылығын сезіне білетін шын мәніндегі инклюзивті қоғам құруға қажетті шарт. Біз әрбір балаға оның сұранысы мен басқа да жағдайларына тәуелсіз, өз әлеуетін толық жүзеге асыруға, қоғамға пайда әкелуге және оның толыққанды мүшесі болуға мүмкіндік беруге міндеттіміз.*

*Дэвид Бланкет*

Отандық және шетелдік мамандардың айтуы бойынша, өкінішке орай, мүмкіндігі шектеулі балалар саны жыл санап өсіп келеді. Бұған түрлі себептер бар: қоғам мен жекелеген отбасыларында тыныштықтың болмауы, көп жағдайларда қалыпты экономикалық және



экологиялық нормалардың сақталмауы, мектеп пен отбасы тәрбиесінің жетіспеуі, танымдық депривация, эмоциялық және сенсорлық қарым-қатынастар мен қажеттіліктердің жеткіліксіздігі.

Бала – бұл әрбір жас кезеңіне тән өзіндік морфологиялық, физиологиялық және психологиялық ерекшеліктері бар, үнемі өсу және даму үстіндегі организм.

Әрбір бала, өз өмірінің әртүрлі кезеңдерінде, әлеуметтік жағдайына да қарамастан, өзінің де қалауын-

сыз түрліше қиын жағдайларға тап болып әртүрлі деңгейдегі көмекке, қолдау мен қорғауға мұқтаж болуы мүмкін.

Дамуында ауытқуы бар балалар еркіндікті, әлеуметтік интеграцияны қамтамасыз ететін ортада толыққанды, лайықты өмір сүруіне көмек беретін ерекше күтім, білім және әлеуметтік ортаға бейімделуге, мемлекет тарапынан көмек көруге және білім алуға құқылы.

Мүмкіндігі шектеулі балаларға ерекше білім беру назарсыз қалмауы үшін әр педагог әдіс-тәсілдерін нақты ойластыру қажет. Тек қана балаға бейімделген тәрбие оның ішкі потенциялын ашуға мүмкіндік туғызады, әр адамға қарап, сабырлылыққа тәрбиелейді, отбасыларымен қарым-қатынастықты нығайтып, оқу барысына кірістіреді. Мүмкіндігі шектеулі баланы дамыту барысында жұмыс нәтижелі болу үшін, әр баланың физиологиялық, психологиялық, жас ерекшеліктерін ескере отырып, жеке тұлғаны дамыту жұмыстарын дұрыс және тиімді ұйымдастыру болып табылады. Бірінші кезекте оқуға деген жағымды түрткі қалыптастырып, жақын эмоционалды көріністерді тудыратын, ой-өрісін кеңейтетін материал алынады. Дамуы баяу балалардың психологиялық ерекшеліктерін ескеру, оқу материалын жай бөліп қоймай, керісінше, жалпы дамуға бағытталған жаңа бағдарлама (баланың қоршаған ортаға бейімделуі, мінез-құлық ерекшеліктері, өзін-өзі төмен бағалауы, қоршаған ортаға сенбеушілікпен қарауы, өз күшіне деген сенімсіздігі, белсенділігі төмен) құруды талап етеді.

Қазіргі кезде қоғам дарынды, қабілетті адамдарды қажет етеді. Жеке тұлғаның рухани өсуіне психологиялық-педагогикалық жағдай жасай отырып, өз ортасында және өзге ұжымда өзін еркін сезіне алуға тәрбиелеу, өзіне-өзі сенімді, жауапкершілік қасиетті сіңірген тұлға ретінде қалыптастыру. Даму мүмкіндігі шектеулі балалардың бойындағы қарым-қабілетін ашу үшін олардың шығармашылық шеңберін бағдарлау қажет. Ол үшін төмендегі қағидаларды ескерген жөн деп санаймын.

Педагог балаларды экскурсия, сюжетті-рольді ойындар, ертегі қойылымдар, театрландырылған қойылымдар барысында сыртқы ортаның қасиеттерімен, құбылыстарымен таныстырады. Бұл балалардың мүмкіндіктерін пайдалана отырып, өздеріне қызмет ету, тұрмыста және арнаулы өндірісте қиын емес еңбек операцияларын орындауға, мүмкіндігінше қоршаған ортаға икемделуге бағытталған

жұмыстар. Осындай жұмыстар барысында дамуында проблемасы бар балалар белсенділік көрсетіп, өз беттерінше жұмыс істей алуға, түрлі жағдаяттар барысына сай әрекет етуге, өзін өзгелердің бағалауына парапар ұстауға үйренеді. Түзету жұмыстары барысында жасаған жұмыстарына сын көзбен қарауға үйреніп қана қоймай, салыстырмалы түрде бағалауға, өзгелердің сындарын қабылдай және текшелей алуға, керек кезінде жолдастарын қолдауға, көмек қолын созуға үйренеді.

Даму мүмкіндігі шектеулі балалармен түзете-дамыту сабақтарын түрлендіріп өткізу, ойлау қабілеті, есту қабілеті, эмоционал-



дық сезімдер, зейіннің тұрақтылығы, елестету қабілеті, қабылдау, ой-өрісінің дамуы, сөйлеу қабілетін бағдарлау.

Түзету тапсырмалары балалардың игеру қиындығына қарай 3 кезеңге деңгейлеп бөлініп топтас-



тырылды.

**1. Деңгейлік жеңіл ойындарда** басты назар мүгедек балалардың қол мен саусақ моторикасының



қызметін жетілдіруге арналады.

**2. Орта деңгейлік ойындар.** Ойын мазмұны күрделеніп, қазақтың спорттық ойын түрлері (асық, бөшкедегі басқадырғы т.б.) мен әдеп тәрбиелерімен балалардың ақыл-ойы мен сөйлеу тіліне, есте сақтауына арналады.

**3. Жоғары деңгейлік ойындар.** Қазақтың ұлттық ойындарымен қоса, спорттық тренажерлермен ойындар ұйымдастырылады.

Мыс: Орта деңгейлік ойындар арқылы, балалардың сөйлеу тілін жетілдіру, ақыл-ойын, есте сақтау қабілетін арттыруға болады.

Негізінен, мүмкіндігі шектеулі балаларға сабақты, көбіне, олардың жанына жақын ойын түрінде өткізу тиімді. Өйткені, мүмкіндігі шектеулі балалардың эмоциялық көңіл - күйі көбінесе ойын және еңбек іс - әрекетінде көрініс береді.

Ойын терапиясы арқылы ақыл-ойы кем балалардың байланыстырып сөйлеу тілін дамытуға болады. Ойын терапиясы - күрделі жұмыс. Ойын терапиясы ақыл-ойы кем балалар үшін пәрменді тәсілдердің бірі деп айтуға болады. Ойын терапиясы арқылы «мен» бейнесі ашылады, байланыстырып сөйлеу дағдысы қалыптастырылады. Ақыл-ойы кем баланы сөйлеу тілін қалыптастыру әдісі біріктіру болып табылады. Жеке және топ арқылы олармен түзету дамыту сабақтары жүргізіледі. Ақыл-ойы кем балалардың сөйлеу тілін дамыту мақсатында түрлі ойындарды сабақта пайдалануға болады. Сонымен қатар, саусақ ойындары арқылы баланың сөйлеуге деген талпынысы, қабілеті дамып, ынтасы артады және шығармашылық әрекетіне жол ашылады. Саусақ ойынын ойнай отырып, балалар қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстарды, жан-жануарларды, құстарды және ағаштарды бейнелей алады. Саусақтарының қозғалыс-қимылына қарап, бала қуанады, шаттанады, сөзді айтуға тырысады және өлеңдегі үйренген сөз шумақтарын қайталап айта отырып, есінде сақтайтын болады. Сонымен қатар, балалар екі қолын қимылдата отырып, оң, сол, жоғары, төмен т.б. түсініктерді бағдарлай алуды үйренеді.

Ойымды қорытындылай келе, қазіргі таңда инклюзивті білім беру жаһандық қоғамдық үрдіс болып отыр, ол барлық дамыған елдерде орын алып келеді. Инклюзивті білім беру көп қырлы үдеріс, ол білім беру жүйесіндегі барлық құрамдастардың қосылуын талап етеді. Инклюзивті оқыту арқылы барлық балалардың мұқтаждықтарын ескеріп, ерекше қажеттіліктері бар балалардың білім алуын қамтамасыз ететін жалпы білім үрдісін дамытуға болады. Мұндай оқыту түрі арнаулы білім беру жүйесінде дәстүрлі түрде қалыптасқан және даму үстіндегі формаларды ығыстырмайды, қайта жақындатады. Инклюзивті бағыт арқылы мүмкіндігі шектеулі балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру мүмкіншілігін қалыптастырады. Осы бағытты білім беру жүйесіне енгізу арқылы оқушыларды адамгершілікке, ізгілікке, қайырымдылыққа тәрбиелей аламыз.

**Алима АБАТОВА,**  
**Ақшұқыр мектеп-**  
**гимназиясының психологі,**  
**Түпқараған ауданы**



## Бала тәрбиесі - баршамызға ортақ

*Адамның адамшылығы  
ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы  
ана, жақсы ұстаздан болады.  
Абай*

Қазақта «Жастай берген тәрбие жас шыбықты игендей» демекші отбасындағы ата-ананың тәрбиесі баланың өмір бойы санасына берілетін азық болатыны анық.

Бабаларымыз баланың тәрбиесіне ерекше көңіл бөлген. Шырылдап дүние есігін ашқаннан бастап, әжелерміз қазақтың салт-дәстүрлерін қолдана отырып тәрбиелеген, ұйқысы тыныш әрі жылы таза жатсын деп киелі бесікке салып, бесік жырын айтқан. Отбасындағы ұлдарды 6-7 жасынан аталары атқа мінгізіп, өріске ертіп апарып, қазақтың төрт түлігімен таныстырған. Ал қыз бала тәрбиесіне үйде аналары, әжелері сонымен қатар бүкіл ауыл тәрбиелеген десек артық айтпайық. «Қызға қырық үйден тыю» деген сөз де осыдан қалса керек. Бала тәрбиесі – баршамызға ортақ. Баланың бүгінгі іс-әрекетіне, тәртібіне бүгін назар салмасақ, ертең кеш болады. Шындығында, бір сәт баламызға уақыт бөліп, мектеппен хабарласу ата-ананың бірден-бір міндеті. Сол міндетті әрбір ата-ана сезінсе екен дейміз.

«Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер» дейді халық даналығы. Бала кішкентай кезінен-ақ әр нәрсеге әуестеніп үлкендерге көмектескісі келеді. Бұған кейбір әке-шеше «жұмысымды бөгейсің, істеп жатқан ісімді бүлдіресің» деп

ұрысып жіберуі мүмкін. Бұл қате түсінік. Керісінше, өзің жұмыс істеп жүргенде баланың қолынан келетін ісіне жағдай туғызып, оның үйренуіне көмектескен орынды. Ал қазіргі таңда отбасында ұл-қыздарымыз ата-анасына көмектесу былай тұрсын, қолдарына бір-бір смартфонды алып, өз әлемімен әуреге түсіп



кетеді. Мұндай жағдайлар қоғам үшін қасірет!

Мүмкін, заманына қарай адамы деген шын болар. Жанымыздың аштитыны да осында! Дамыған елдердің қатарына енеміз деп жүргенде тәрбиемізді ақсатып қалған жоқпыз ба осы? Әр бір бала отбасы ошақ қасында тәрбиеленуі қажет. Өйткені бала отбасында нені көрсе, не есітсе соған қарай бейімделеді. Жасыратыны жоқ, кейбір ата-аналар жұмысбастылықтың кесірінен бала тәрбиесін

балабақша табалдырығын аттағанша, үйде бала тәрбиесін күтушіге сеніп тапсырады. Ал, бала өсе келе балабақшаға барады да, бар жүкті тәрбиешілерге артып қояды. Сонан соң, мектеп жасына келгенде әдеттегідей білімі мен тәрбиесі мұғалімге жүктелетіні анық. Бұл ащы болса да шындық! Кешке сабақтан келген баламен етене ақжарқын сөйлесуге ата-ана құлық танытпайды, кейбір ата-аналар баласына не керек екенін, нені армандайды, кімдермен жүр, ортасы қандай? Осы сұрақтарға бас қатырмайды. Өйткені сол баяғы жұмыс, шаршау тағы басқа. Міне, біздің ұрпақ тәрбиелеуде жіберіп жатқан кемшілігіміз!

Отбасында қызымыз қылықты, ұлымыз ұлықты болу үшін тек отбасының тәрбиесі жеткіліксіз, ол үшін ұлттық идеология керек, Ол идеологияны қоғам, біз педагогтар орнатуымыз керек. Қоғам - ол кім? Әрбір баланың ортасы, достары, араласатын жақындары. Сол үшін де сіз болып біз болып, тәрбиені тереңірек ұғындыру - біз ұстаздардың қолында. Сөзімді қорытындылай келе айтарым, бала - әр отбасының бакыты, олай болса, өз отбасымызды бағалай білейік!

**Гүлнұр ТӨРЕБАЛАЕВА,**  
**Үстірт орта мектебінің**  
**ағылшын тілі пәні мұғалімі,**  
**Бейнеу ауданы**

## Қара сөздің күдіретін түсін сен!

Ұлпа көкірек балаға алды жұмсақ, жүрегі мейірімге толы-ана, ұлпа көкірек атаға ақылды жар, шаңырақтың шаттығын тілеген анаға қайратты күш қуат, жарық жалғанды мекен еткен екі аяқты кеудесінде жаны, басында өзіндік ойы, сана сезімі бар адамға болатыны да жарықтық жаратылыстың әу бастан-ақ қатыгездік пен зұлымдықтың жолына тосқауыл табуға тырысқандығы емес пе? Олай болса, мейірімді жүрек, ақыл, қайрат бізге қалай да болса, қашан да болса бойымызға қанмен бірге берілетін ізгіліктің нұры. Бұл нұр жалпақ дүниенің қорғаушысы да, қолдаушысы. Дегенмен, жолымды дұрыс таңдау үшін ең қажетті дүниеме бойымды билеткенім жөн.

Иә, дегенмен осы үшеуіне де жүгініп өмір сүруім мүмкін бе, екен? Абай атамыз айтқандай жеке талдайтын болсам, қайратына сенгендер жан-жағына тап-тап беріп, жағалассыз отыра алмайды. Ақылына сенгендер айналасына абайлап көз салып санаспай отыра алмайды. Бірақ, ақыл үлкенге де, кішіге де, байға да, кедейге де бітпей ме? Үлкен мен кішінің, бай мен кедейдің ақылды тайталасы ашық жағаласқа бейім тұрмай ма? Бұлай дегенім, бәрі өздерін ақылдымын деп ойлайды. Ә.Кекілбаев атамыз айтқандай «Ақылдың тайталасы бар уақытта жеңіс іздей бермейді, көбіне дұрыстықты іздейді. Дұрыстыққа салсаң, олардың алысқаны емес, табысқаны лазым». «Сүйектегі ақауды ұрымтал қимыл, еттегі жаракатты сіңімді сылау, көңілдегі жадаулықты жанға медет болар жүректен шыққан жылы сөз, жылы мейірім айықтыратыны». Олай болса, мен әрқашан да жүрегімнің үніне құлақ түріп өмір сүремін. Себебі, жүрек ешқашан алдамайды. Жүректің айтқанына көнсем, жаным рақат табады. Кеудемдегі жүрегім қайнап жатқан бұлақ тәрізді. Тәнге жүргізетін қызметі өте мол. Қайрат пен ақылды басқаратын да осы жүрек.

Ендеше, жүрегім мейірімге толы, ақылды, отбасымның қандай да болмасын қиындығына күш-жігерімді, қайратымды аямайтын жан болсам, зұлымдық пен қатыгездіктің жолына тосқауыл бола алатыным сөзсіз. Ол үшін жүрегімді кірлетпей, ізгілікке ұмтылып, жауыздықтан безіп, адами құндылықтарды жүрегіме сақтап, жүректегі рухымды одан әрі жандандыра беремін.

**Жұпар КҮЛХАНОВА,**  
**№5 орта мектептің**  
**қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,**  
**Қарақия ауданы**

## Менің туған жерім

«Алыста жүрсең, аңсатып тұрар туған жер, тынысың бөлек, жетпейді-ау саған өзгге жер» деп алақандай ауылын ауыз толтырып мақтап айта алатын, алаңғасар ауылдың қара домалақ қызымын. Ингәлап, жарық дүниенің есігін ашқанда, ең бірінші бетімді шымырлатқан туған жерімнің самал желі мен жұпар ауасы. Осы ауамен тыныстап өсіп келемін. Менің ойымша, әр адамның туған жеріне деген ыстық сезімі ерекше. Қырға біткен азды-көпті тал-терегі мен ірілі-ұсақты жануары, көз қуантатын қылықты ұл-қызының қызығын қызықтап отыратын бірең-сараң шал-кемпірі бар ауыл тіршілігі мен үшін қымбат қазына. Себебі, кебісімнің қонышын басып жүгірген ұлтарактай ауылымның көшесі - менің естеліктерім. Айқара ашық тұратын есігіме еңкейе кірген құрбыларыммен өткен балалық шағымның шуақты күндері де осында. Қиялға шомып, ауыл даласына көз түйістіре қарап тұрғанның өзі бір ғанибет. Сай-салада сапырылысқан ауыл балаларының еркін қимылдарының өзі қандай десеңші. Тасты тақтай етіп, көрпешесін астына салып, бір-біріне сөз ұстатпай отыратын ауыл әжелерінің көрінісін сөзбен жеткізе алмаймын. Ауылымның көркем жерлерін айшықтап айта кетсем, ауылымда «бір түйір» стадион бар. Сол жерге бала біткеннің бәрі жиналады. Қызық пен шыжықтың, қырғын күлкінің бәрі осында. Кішігірім «кинотеатр» десем де болады.

Қырымда ойнап мәз боламын  
еркелеп,  
Шыңыңа шықтым даланы құшып

ентелеп.  
Шаңғытқан далам, сайыңның әрбір  
ақ тасы,  
Қолын бұлғап тұрғандай алға  
жетелеп.  
  
Бар ғажайып сыйып тұр қалай  
көгіңе,  
Келемін міне өзінде өсіп тербеле.  
Ақ әжем айтқан әлдиін сен де  
естідің,  
Сондықтан болар жеңістер сенің  
төрінде.

Ия, бұған дәлелім мен өсіп, бой жетіп келе жатқан ауылым да, мектебім де, маған білім берген ұстаздарым да құрметті де қадірлі жандар. Мен осы ауылым мен тіршілігін тізгендеп ұстап, дамытып, өз үлесін қосып отырған жандарды бағалаймын. Туып-өскен жерім мен білім алып жатқан оқу ошағы жетістіктерге толы мақтап айтатындай атаулы ауыл, мектептердің алдыңғы қатарында

Қорыта келе, кішкентай жүрегімнің түбінен орын тепкен менің туған жерім, қандай болмасын балалық шағымның шаттығы. Балалықты сезіндірген, көгіне аунатып, төсінде тербеткен бәрінен де ең қымбаты – туған жерімнің топырағы, ауасы және туған жерімнің гүлденуіне үлес қосып отырған қымбат жандар.

**Мерей ӘБІШ,**  
**№5 орта мектептің**  
**10-сынып оқушысы,**  
**Қарақия ауданы**





## Әбіштің әңгімелерінен...

## Сөз күдіреті

(Жалғасы. Басы газеттің алдыңғы сандарында)

- Қазақ даласы сүлей таланттарға, дүлей дарындарға қашан да кенде болмаған.
- Бір-бірімізді көре жүріп, көрмегенсуден, біле жүріп, білмегенсуден, ер бағын да, ел бағын да байлап алған тұстарымыз аз емес.
- Бір-біріңнің ізінді шабақтап жүріп, ортақ мақсатқа бәрібір жете алмайсың?! Баяғыда бірін-бірі байлап - матап әкеліп отырған екі елдің екі батырына уәж айтқан бір кемеңгер: «Атаңның құнын кешетін, ағаңның қолын шешетін, ертеңгі елдікті айтпай, кешегі ездікті айта беретіндердің тілін кесетін кез келді», деген екен. Сол уәж бүгінгі бізге де айтылып тұрғандай.
- Қандай да қауым болмасын, азаттық алғанда бір-бірімен кетісу үшін алмай, бір-бірімен бекісу үшін алады. Ендеше, күллі ел болып, тездетіп тәуелсіз құлық, тәуелсіз парық, тәуелсіз әрекет қалыптастырудың қамына кіріскеніміз мақұл.
- Ызалы жүректен ызғарлы сөз шығары белгілі.
- Аяғы жүйрік пырақты талай ағаттықтан сақтандырып, сейіс суытып, сейіс баптайтын сияқты ақылы жүйрік азамат тек өзін-өзі ғана сақтандырып, тек өзін-өзі ғана сабаға салып, өзін-өзі ғана баптай алмақшы.
- Әділет пен қиянат ескерілмес жерде азап та жоқ, тозақ та жоқ. Пері де жоқ, періште де жоқ. Бұйырғаннан жеп. Тигенін киіп, тап болғанға көніп жүре беретін пенде ғана бар.
- Өсер ел өнегелі ұлдарын әке тұтады. Ондай ұлдар, құдайға шүкірлік, бізде де баршылық.
- Асылымызға назар әрине барында, ардағымызға назар әрінің барында керек екенін уақытында аңғара бермейміз.
- Ел еңсесін көтеріп, халық қабырғасын жауып, қауым қанатын батыл жайып кетуі үшін кейде жоктан бар, бардан нар жасауға тура келсе, тура келетін де шығар.
- Қапелімде біз білетін төрт мұхиттың үстіне жаңа мұхит, шетін дүниеде шетінеп кетпей, өткеліктің өтінде тұрған қаз басқан мемлекет, қәгілез қауымдарға да сын кезең, сын сағаттарда осындай серпімді сезім, қайсар рух керек.
- Тарихтың ұлы сынағының алдында тіземіз бұлай қалтыраса, біреуіміз қаралай су болған жігерсіз жасыққа, біреуіміз қаннен қаперсіз даңғой дарақыға айналсақ, кешегі бабаларға, ертеңгі ұрпаққа не бетімізді айтамыз.
- Біз әлдеқашан өтіп кетті, өшіп кетті деп, жер астына тірілей көміліп қалған ұлттық болмысымызды қайта қаузап, тірілтіп жатсақ, бір кездегі жер дауы мен жесір дауын, барымта мен қарымтаны, әлімжеттік пен дүрараздықты емес, елге еткен ерлікті, қауым ұстаған кісілікті, өркен өсірер өнеге - құрметті, бір-бірімізге деген ықылас пен ынтымақтастықты тірілтуді мақсат етіп отырмыз.
- Адамға адамша қарап, адамды адамша бағалап үйренген ләзім.
- Ежелгіні сол қалпында оралтамыз деп ойлау - есіріктік. Бірақ, өткенде қандай ел болсаң, ертең де сондай ел болатындығыңнан күдер үзу - ездік.
- Қолымыздан келетініміз де, келмейтініміз де саяси баққұмарлыққа бой алдырып бара жатқан секілдіміз. Соның желігінен, тарыдай шашылып кеткен басымызды жиып алуды қарастырудың орнына бұрынғы бөлінуіміз аз болғандай, бір уыс жұртымызды енді далада туғандар мен қалада туғандарға, анауша оқығандар мен мынауша оқығандар, оқығаннан туғандар мен оқымағаннан туғандарға бұрын тойынғандар мен қазір тойынғандарға жіктеп жіліктейтін қисындар шығара бастадык.
- Жақсыдан шарапат деген де сол..... Дүйім жұртыңа тар жерде таяу, тайғақ жерде тіреу бола алғаннан асқан қандай шарапат болушы еді?!
- Жұмыр басты пенделер, мына біздер, мынау жарық дүниеге бұйрықты несібеімізді теріп жеп, дәм таусылған күні өз жөнімізді өзіміз табу үшін келеміз.
- Ал көзі бар да өзі, көзі жоқта өнері қауымының басына сүйесін, қолтығына демесін болатын ұлылар дүние тұрғанша тұру үшін туады.
- Өйткені, бүгінгі таңда ерліктің ең үлкені – тойымсыз нәпсінің топалаңын қайтадан көксей бастаған тоғышар тобырды тәубесіне келтіру,

кешегі қиянатты түзетеміз деп жүріп, жаңа қиянатты балалата бастаған жаңа әлеуметтік әулекілікке тосқауыл қойып, азаматтық ақыл-ойды сабасына түсіріу.

- Ал уақытпен одақтастықтың аты – сабыр мен төзім.
- Жалғыз бен малсыздың, шарасыз бен әлсіздің сабыр мен төзімнен басқа тірегі жоқ. Түптің түбінде, уақыттың төзім жағына, сананың, сабырдың жағына шықпай тұра алмайтынын бәрібір біледі.
- Жер басып жүрген жұмыр басты пенденің бірін бір-біріне жұдырық алып жүгіруге баулып, сол арқылы бәріміз жаппай зорлықшыға, жаппай қиянатшыға айналып, жер бетіне тамұқ орнатпасақ, жұмақ орната алмаймыз да.
- Әлі күнге таласып келеміз, тармасып келеміз. Жағаласып келеміз, жармасып келеміз. Жағалай тіс қайрасып, жағалай тіс сұққыласып, жағалай бармақ кезезкеннен бір қоғамның мүйізі шықса, біздің өмір сүріп отырған қоғамымыздың мүйізі әлдеқашан қарағайдай болар еді.
- Азаттықтың асқақ болмауға, адалдықтың аңғал болуға қақысы жоқ екен. Аршыл емес азаттық өз-өзінен құлдыққа итермелесе, аңғал адалдық өз-өзінен құрбандыққа шалдырады екен.
- Сабырсыздық ауыз күйдірмесе, абырой алып бермейді.
- Даңқтың жолы даңғыл, абыройдың жолы арналы болмайтыны белгілі. Жеңіске жеткізетін жол қашанда жіңішке келмек.
- Қаншама зор бақтың ар жағында соншама азап тұрады сөзсіз.
- Иә, арман қашанда ұзақ... ғұмыр қашанда қысқа. Талант арманға табынады. Өмір мүмкіндікке бағынады.
- Біздің қазақ өзін жылқы мінезді жұртпыз деп түсінеді. Онысы өзін-өзі мақтағаны емес, сынағаны. Жылқы тез арып, төз семіретін жануар. Арыса-арса-арса боп, сықпыты қалмайды. Семірсе - жалына қол апартпай, кекірейіп кетеді...
- Өзімізді айтсақ ішкі киіміміздің ауы жыртылып кетердей дәл іріп, өзгелерді айтсақ – әкеміздің құны кеткендей, ежірейіп сала беретін бір әңгүдік дәурен...
- Әлеуметтік делқұлыққа, рухани нақұрыстыққа, саяси қояншықтыққа әбден бой алдырғанымыз сонша - желбіреген тудан басқаға, будақтаған түтіннен басқаға, от түкірген мұржадан басқаға көзімізді, зіркілдеген зеңбірек пен азынаған гудоктан басқаға құлағымызды тікпейтін болдық.
- Темірқұрсау тоталитаризм әлеуметтік бүге-жектікке ұрындырды. Әлеуметтік бүге-жектік сәсі көлгірлікке ұрындырды. Саяси көлгірлік эстетикалық алақолдылыққа ұрындырды. Ондай қыл тұзақтан қатардағымыз түгілі, көш басындағы алыптарымыз бен ұлыларымыздың өзі де құтыла алмады.
- Өзіңнен өзге біреудің жер басып, тірі жүргеніне қуана білуден асқан адамгершілік жоқ.
- Біз өмір сүрген орта - әлеуметтік алалаушылықты, тіпті әлеуметтік өшпенділікті айырықша қастер тұтқан таптық идеологияның, әлеуметтік расизмнің әсіреңкісіне көп ұшыраған орта. Сондықтан біреудің біреу туралы жаман айтып тұрғанына опонай сенеді де, жақсы айтып тұрғанына көбіне көп күдікпен қарайды.
- Күллі әлеуметке өгей баласына ұрысқан өктем әкедей боп, өжектей сөйлеп, әкірендей тіл қатуға құмар. Қытыққа тиіп, қытықтанып бағады. Намысқа жармасып, насырды қасып айту мұратқа айналып барады. Оны азаматтық уыт, әлеуметтік батылдық деп есептейді.
- Тарих - тек өз кезеңі тұрғысынан қарасаң ғана сырын ашатын тылсым жұмбақ.
- Елін сүйген азаматқа ең үлкен қайғы - өз елінің тағдырынан тыс қалу.
- Ұлттық мақтаныш дегеніміз - өзінді өзгелерден артық қою, астамсу емес. Бұл, ең алдымен, мынау жарық жалғанда басқалармен қатар адымдап, алға ұмтыла алар қауқарыңды қапысыз сезіну, өз халқының адамзат қауымындағы тиесілі орын, өзгеше мәдени болмысын тану деген сөз.
- Ең бастысы - елдің өткен жолынан өшпейтін өнеге табу, бүгінімен ұласып жатқан жалғастықты тану, кешегіні көксеуге емес, келешекке ұмтылатын

намысшылықты қалыптастыру.

- Әрине, жақсыны тану үшін де парсат керек. .... «Ит маржанды не қылсын,» - дейді ұлы Абай.
- Тәуелсіздік - тәтті сөз ғана емес, ұлттық жауапкершілік. Әрқайсымыздың өзімізге-өзіміз қатаң талап қоя білушілігіміз.
- Онсыз бостандық тек әшейін бейпілдікке айналады. Бейпілдік алауыздық туғызады. Алауыздық жаңа отаршылдықтың не жаңа озбырлықтың сойылын соғады.
- Ұлы тұлғаны уақыт аласарта алмайды.
- Ізденіс пен ізгілік, мейірбандық пен кішіпейілділік бағаланбай қалуы мүмкін емес.
- Ұлтсыздықтан безіну шынайы ұлттық сана қалыптастыруға итермелейді.
- Жанжалшылдық та, түптеп келгенде, мадақшылдық сияқты уақытша ғана атақ шығаратын баянсыз құбылыс.
- Жаратқан иенің басы жұмырдың бәріне ақыл бере бермегені сияқты, аузы тесіктің бәріне пәтуа бұйыртпай сөз екең сөздің де сұрауын бар қып жаратқаны да тегін емес шығар.
- Бұл – баршамыздың басымызға түскен зауал. Әлеуметтік тойымсыздыққа бәрімізде белшемізден баттық. Әулекілікке ұрындық. Әліміз жеткенше іс қылып, жарығымыз таусылғанша дәурен сүрудің орнына қой үстіне бозторғай ұялататын мамыражай заманға жапатармағай ұмтылдық. Жаппай баққұмар, жаппай өрөкөірек, өзімшіл боп кеттік. Бір-бірімізді аяқтан шалдық. Ғайбат сөйлеп, аярлық қылудан тайсалмадық. Арымыздан айырылып, ұятымызды ұмыттық.
- Қалған дүниені қаскөй санап, абзалдықтың бәрі тек бізде деп көйіттік. Күллі әлемге өнеге боламыз деп жүріп, ақыр аяғында күлкі болуға айналдық. Ол алаңғасарлықтан қазіргі көзі тірі жүргеніміздің бәрі аман емеспіз. Бәріміздің бетіміз шіркеулі. Әділет пен адалдықтың Озбырлық жасамасақ жүре алмаймыз. Сол қысастық түбімізге жетті. Бір-бірінің қанын арқалаған ұрпақтан өрбігендер бір-бірінің көз жасынан сескенбейтіндей боп тас бауыр боп өсті. Талас туа қалса, бірін-бірі талап тастайтындай шап беруге әзір тұрады.
- Болған азаматқа тілеулес болу да мерейлінің қолынан келеді.
- Кісіліктің бірден бір белгісі – елдікті қаншалықты қастерлей алатынымен өлшенсе керек.
- Елдіктің жолында өзінмен теңге құлақ асып, қызмет етіп, тілек тілесе білу – ұлы адамгершілік.
- Бірге жүріп, бір-біріңнің үстерінен сөз шығармай, тыныш жүрсең - жігерсіз жасық, ал бір-біріңнің ізінді пышақтап, пыш-пышты көбейтсең жігерлі пысық атанатын үрдістер сол дәуірден қалғанды.
- Ежелден бері еңселі елдікті көксеп келе жатқан халқымыздың әр таңды: «Әуелі азаматты аман қыл. Қатарын түгел, аузын бүтін қыл», дейтін ақ тілеуден бастау да талай жерде аузы күйгендіктен, талай жерде маңдайы тасқа тигендіктен өрбіген әдет шығар.
- Бірақ, көз жұмғанның бәрі марқұм, көмілгеннің бәрі өлік емес.
- Дүниемен ғұмырлас, халқымен тағдырлас, тәңірмен пейілдес елден еректерді көзі барында мүсіркеу, көзі жоғында жоқтау күпірлік.
- Міне, гәп қайда?! Шын азаматты пендешілікке, шын ерді есерлікке жібермейтін де осы: ертеңге деген сенім; келешек алдындағы жауапкершілік.
- Қысқасы, үркектік жүрген жерде даму жоқ, даму жоқ жерде қоғам жоқ, қоғам жоқ жерде өнер де жоқ. Ендеше үркектік өнердің көсегесін көгертпейді. Үркектік - өнердің, өнерпаздың бойында бір мысқал болса да ұшыраспауға тиіс: жаман індет.
- Міне, өнер тарихына үңілсек, мәдениеттің есігінде құлып болмасқа, қақпасының қашан да ашық тұрарға керектігін ұғамыз.
- Бұның бәрінің жалғыз-ақ себебі бар; дәстүрдің тағдырын дәуір шешеді. Әдебиеттің дәуір жүктеп отырған міндеттерін атқара алатын дәстүр ғана өміршең.

Фермебай ЕРЕЖЕПОВ,

Бакыт БАЛУЛЫ,

Халық ағарту ісінің озаттары,

Бейнеу ауданының құрметті азаматтары

(жалғасы газеттің келесі санында)





## Дені сау ұрпақ- ұлт болашағы

Ең бірінші байлық – денсаулық. Денің сау болсын десең, салауатты өмір салтын ұстану керек. Денсаулығымызды сақтау үшін үнемі жаттығулар жасап, тынымсыз еңбек ету қажет. Әрбір адам өз денсаулығы үшін барынша күтіп, спортпен айналысып, дұрыс тамақтанып, жаттығулар жасауды әдетке айналдыру керек. Тамақтану уақытын күн тәртібіне енгізіп, уақытылы тамақтану пайдалы. Кейде артық тамақтанудың салдарынан да әр түрлі ауруларға кездесіп, артық салмақ қосып, қиналатын кездеріміз де болады. Осындай жағдайлардың алдын алу мақсатында көбірек таза ауада серуендеп, әр түрлі жаттығуларды жасап жүргеніміз абзал.

«Дені сау адам табиғаттың ең қымбат жемісі» деген. Бәрімізге белгілі әлемді жайлаған індеттің кесірінен қазіргі таңда қашықтықтан оқу жүйесіне өттік. Мұның кейбір салдары оқушыларымызға кері әсерін тигізуде. Кезінде күніне бір екі сағат денесін шынықтырып жаттығулар жасап жүрген оқушылар, қазіргі таңда үй жағдайында толыққанды дене тәрбиесіндегі жаттығуларды орындай алмай отырғаны шын. Өйткені, балалар өз қатарластарымен асыр салып, доп қуалап, ойнап жүрген жоқ. Соның салдарынан кейбір оқушыларымыз күн тәртібін дұрыс пайдаланбай артық салмақ қосуда, мұндай жағдайлар ата-ананы, сонымен қатар бізді алаңдатады.

Сондықтан мен еңбек ететін Бейнеу ауданындағы Манашы орта мектебінде өз шәкірттеріме



онлайн жаттығуларды жіберіп, оларды мұқият орындатып және оқушыларымызды қадағалап, кері байланыс жасап отырамын. Мектебіміздегі тәжірибелі ұстаздарыммен онлайн байланыс жасап, тәжірибе алмасып отырамын. Сонымен қатар үй жағдайында оқушыларыма барынша шахмат, дойбы, тоғызқұмалақ ойындарын ойнауды үнемі айтып отырамын. Бұл ойындар оқушыларымызды шапшандыққа баулиды, есте сақтау қабілеті, логикалық ойлауы дамиды.

Ия, қашықтықтан оқытудың тиімді және тиімсіз тұстары бар екені бәрімізге белгілі. Тиімді тұстары: оқушылар үшін жұқпалы індеттен қорғану болса, ал тиімсіз тұсы оқушыларым үшін дене тәрбиесі пәні сабағына әр түрлі себептермен толыққанды қатыса алмауы. Мысалы: күнделікті

сабақ кестесі бойынша, бірінші сабақ дене тәрбиесі сабағы болатын болса, мектепте толық сабаққа қатысып, жаттығуларын жасап, бір серпіліп қалатын. Ал қазіргі онлайн сабақта кейбір оқушылар таңғы ұйқысын қимай, ұйықтап жататыны анық. Бұл бала денсаулығына кері әсерін тигізеді және де артық салмақ қосу жағдайлары да кездеседі.


Сол үшін үй жағдайында ата-аналар балаларының денсаулығын, өтіп жатқан сабақтарын қадағалап, дене тәрбиесі пәні сабағына салғырттық танытпай, күніне екі-үш мезгіл жаттығулар жасатып тұрғаны жақсы. Өйткені көз алдында баласының артық салмақ қосып, соңы ауруға алып келетінін көп ата-ана біле бермейді.

Денің сау болса бәрін жасауға мүмкіндігің бар деген сөз. Егер де адам өз ақылына салып табиғаттың өзіне сыйлаған мүмкіндіктерін орынды пайдаланып, гигиеналық тәртіпті бұзбай, күнделікті мұғалімдер жіберген тапсырмаларын бұлжытпай орындап жүрсе денсаулығы мықты болып, ұзақ өмір сүреді.

Ия, шынында да өз денсаулығың өз қолыңда! Ауырып ем іздегенше, ауырмаудың жолын іздейік!

**Айнур МУХАНОВА,**  
**Манашы орта мектебінің**  
**дене тәрбиесі пәні мұғалімі,**  
**Бейнеу ауданы**

## Қашықтықтан оқытуда оқушылардың ақпараттық-коммуникативтік күзіреттілігін қалыптастыру жолдары



- сабақта оқытудың жаңа технологияларын тиімді қолдана білу;

- оқушының таным белсенділігін қалыптастыру барысында шығармашылық ізденістің тиімді жолдарын үйрету міндеттері тұр.

Білім беруде ақпараттандыру процесі мұғалімнің дайындық деңгейі мен мамандық сапасына үлкен талап қояды. Ол мұғалімнің өзін-өзі дамуына, өзіндік білім алуына және шығармашылық пен жұмыс жасауға мүмкіндік туғызады. Оқушының шектеусіз қабілетін дамыта алатындай білім берудің әлемдік кеңістігін құруға қабілетті бола білуі шарт.

Қазіргі таңда қашықтан білім алуда оқушылар да, оқытушылар да бір арнаға түскен секілді. Бірақ қашықтан білім алудың өзіндік қиындықтары да кездеседі. Осы қиындықтарды шешу үшін ұстаздарға инновациялық білімдерін жетілдіріп, қосымша ізденуге тура келеді. Мен де заман талабына сай, жаңа технологияларды жетік меңгерген педагог болу үшін өз тәжірибемде әртүрлі технологияларды пайдаланып көрдім. Солардың бірі - Webquest технологиясы.

Webquest технологиясы оқушы-

лардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, өз бетінше ізденуге, білім алуға, тақырыпты тереңінен меңгеріп, шығармашылықпен айналысуға үйретеді.

Алғаш квест ойыны туралы 2017 жылы естіген болатыным. Содан бері квест ойынының бірнеше түрлерін сабақтарда, сыныптан тыс шараларда қолданып көрдім. Қазіргі таңда квест ойынының QR квест, webquest, Wallame бағдарламасы арқылы жүзеге асыруға болатын түрлері бар. Осылардың ішінде қашықтан оқытуда оқушылардың сабаққа қызығушылығын арттырып, жылдам ойлауға, тез шешім қабылдауға үйрету үшін webquest технологиясын пайдалану тиімді.

Веб-квест технологиясында проблемалық сұрақтар, рөлдік ойын тапсырмалары ғаламтор желісі арқылы оқушыларға ұсынылады. «Quest» сөзі ағылшын тілінен аударғанда «қызыққа толы мақсатқа негізделген ізденіс» деген мағынаны береді.

Веб-квест тапсырмаларын құрастыру келесі кезеңдерден тұрады:

1. Бастапқы кезең. Бұл кезеңде қатысушылар тақырыппен танысады. Топтарға бөлінеді.

2. Рөлдік ойын кезеңі. Бұл кезеңде қатысушылар таңдап алынған рөлдік ойындар арқылы тапсырмаларды шешеді. Мұнда ұсынылатын рөлдік ойындар: ғалым, журналист, архитектор, министр, кәсіпкер т.б. тақырыпқа сай рөлдік ойындарды таңдап алуға

болады. Топтарға бөлінген қатысушылар жеке тапсырмаларды орындай отырып, ортақ мақсатқа жетеді. Қатысушылардың мақсаты сайысқа түсіп жеңіске жету емес, оқытуда, тақырыпты зерттеуде, тапсырмаларды шешуде бір-біріне көмектесуді мақсат етуі қажет.

Ұсынылатын тапсырмалардың форматы әртүрлі болуы мүмкін. Мысалы, эссе жазу, ситуациялық сұрақтар, шығармашылық тапсырмалар, сөзжұмбақтар, жоба дайындау және т.б.

3. Қорытынды кезең. Бұл кезең қатысушылардың зерттеу жұмыстарының нәтижелерін бағалау және жариялаудан тұрады. Орындалған жұмыстарды бағалау үшін бағалау критерийлері құрастырылады. Үздік жұмыстар тақырыпқа арналған веб-парақшаларда жарияланатын болады.

Webquest технологиясы оқушыларды сыни тұрғыдан ойлауға, өз бетінше ізденуге, пән бойынша білімін тереңдетуге мүмкіндік береді.

Ғаламторда веб-квест тапсырмаларын жариялайтын тақырыпқа арналған арнайы веб-парақшаларды құрастыруға болады. Веб-парақшаларды wix.com, sites.google.com бағдарламалары арқылы жасауға болады.

**Кундыз ЖОЛДЫБАЕВА,**  
**«№7 жалпы білім беру орта**  
**мектебі» КММ-нің**  
**география пәні мұғалімі,**  
**Мұнайлы ауданы**







## ТӘУЕЛСІЗДІК ТҰҒЫРЫ

Қазақ елі осы бостандықты аңсап, Тәуелсіздікке зарығып жетті. Тәуелсіздік деген ұлы жеңіске қол жеткізуде әлі де жаңғырып тұрған кешегі Желтоқсанның да септігі аз болған жоқ. Студент жастардың көшеге шығып үндеуі және егемендік үшін зардап шегуге дайын екендігін көрсете білуі барша халыққа сенім мен жігер берген болатын. Қазіргі кезде еліміздің бақытты, ерікті елде өмір сүріп жатқанына 29 жыл болыпты. Осы бір 29 жыл ішінде Қазақстан өз алдына дербес елге айналып, әлемдік аренада ерекшеленді. Әрине, бұндай дәрежеге Тәу-

елсіздігіміздің арқасында, 1986 жылдың 16-17 желтоқсанында солақай саясаттың ызғары мен желіне қарсы тұрған жастардың жалынды рухы мен ерлігінің арқасында жеттік.

Тәуелсіздік – таңбасы қаны қара жердің тамырында жатқан құдіретті сөз. Тәуелсіздік 16 желтоқсан күні тойланатыны бәрімізге мәлім. 1991 жылы- еліміздің Қазақстан деген



атпен бүкіл әлемге алғаш қадам басқан жылы. Қазіргі Қазақстан әлем сахнасында мақтанарлықтай беделге ие. Мемлекетіміз осындай аз ғана уақыттың ішінде

көптеген ірі экономикалық, саяси және әлеуметтік жетістіктерге қол жеткізді. Қазіргі таңда Қазақстан көптеген елдерден әлдеқайда алда. Еліміздің аяғынан нық тұруы, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету

және экономикамыздың жедел қарқынмен даму – қазіргі таңда негізгі стратегиялық бағыттар. Бүгінгі Қазақстан – тек өзі орналасқан аймақта ғана емес, бүкіләлемдік проблемаларды талқылауда және шешуде ықпалды рөл атқаратын ел. Тәуелсіздік – ащы термен келген тәтті жеңіс. Төгілген қанның, өлмеген жігердің отымен келген ұлы күн. Қазақ елі аман, тұғыры биік бола берсін!

**Адемхан УТТИБАЕВА,**  
**№5 орта мектептің**  
**бастауыш сынып мұғалімі,**  
**Қарақия ауданы**

## ★ ТЫҢДАУШЫ ПІКІРІ

### «ӨРЛЕУ» - ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ШАБЫТ ОРДАСЫ



Елімізде қалыптасқан күрделі жағдайға байланысты 2020-2021 оқу жылы қашықтан оқыту форматында басталды.

Қашықтан оқыту кезінде оқушыларға сапалы білім беру мақсатында ҚР Білім және ғылым министрлігінің қолдауымен виртуалды білім беру бағыты бойынша үздік педагогтер эстафетасы басталған болатын. Мен де еліміздің үздік педагогтері қатарында осы эстафетаға қатысып, бейнесабактар дайындап ұсындым.

«Өрлеу» БАҰО» АҚ Маңғыстау облысы бойынша филиалының қолдауымен 8-сыныптың химия пәні бойынша «Термохимиялық реакциялар. Термохимиялық теңдеулер бойынша есептер шығару» және 11-сыныптың химия пәнінен «АТФ және энергия»

тақырыбында бейнесабактарды әзірлеп, өзімнің шығармашылығымды шыңдадым.

Химия пәні мұғалімдерінің шығармашылық тобын құрып, оқу бағдарламасының талаптарына сай сабақтың сценарийлері мен презентациясын әзірлеуде әдістемелік көмек көрсеткен филиалдың химия пәні тренері Қибат Шайхатқызы Бақтыроваға және осы мекеменің оқу жұмысы және мониторинг қызмет бөлімінің бас маманы Ұлмекен Исатайқызы Самарбаеваға алғысым шексіз.

Бұл бейнесабактарды осы оқу жылының екінші тоқсанында еліміздің барлық өңірлеріндегі

әріптестерім пайдалануда. Осындай сын сағатта еліміздің келешегін кемел етер жас ұрпаққа сапалы білім беруге өзімнің үлесімді қосып жатқанымға өте қуаныштымын.

Мұғалімдерге шығармашылық шабыт сыйлап, үлкен жауапкершілікті талап ететін жұмысты атқарып отырған «Өрлеу» ұжымына ризашылығымды білдіремін.

**Зылиха БАТЕСОВА,**  
**№16 Саламат Мұқашев**  
**атындағы жалпы білім беру орта**  
**мектебінің химия пәні мұғалімі,**  
**Ақтау қаласы**

## Игі істің бастауы – жаңашылдықта

Бейнеу ауданында 2020 жылдың 4 қарашасында «Бастау» математиктер қауымдастығы құрылды. Қауымдастықтың мақсаты - аудан мектептерінде математика пәні бойынша білім беру сапасын арттыру, жас мамандарға әдістемелік көмек көрсету, ұстаздар жетістіктері туралы мәліметтерді түрлі ақпараттық құралдар арқылы тарату. Жетекшісі: Сам орта мектебі директорының бейін ісі жөніндегі орынбасары Суймухамедов Тойғалы. Тәлімгері Бейнеу лицейінің математика пәні мұғалімі Қалиева Шынар.



2020 жылдың 17 қарашасы күні Сам орта мектебінде «Игі істің бастауы – жаңашылдықта» атты қауымдастықтың алғашқы тәжіри-

белік семинары өтті. Семинардың негізгі мақсаты - математика пәні мұғалімдерін жаңашылдыққа бастап, жаңартылған білім беру мазмұны жағдайында педагогикалық тәжірибені жетілдіру, педагогтардың практикалық дағдыларын қалыптастыра отырып, әдістемелік көмек көрсету.

Мұғалімдерге арналған іс-шараны қауымдастықтың жетекшісі Суймухамедов Тойғалы сөз сөйлеп ашып, мұғалімдер бастамасына сәттілік тіледі. Аудандық семинарда Бейнеу лицейінің математика пәні мұғалімі Қалиева Шынар «Қарапайым тригонометриялық теңдеулерді шешу» тақырыбында 10-сынып есептерін шығару шеберлік сыныбын өткізді. Ы.Алтынсарин атындағы орта мектебінің математика пәні мұғалімі Садакова Гүлсара «Көрнекі құралдар тиімді қолдану жолдары» тақырыбымен сабақтарында пайдаланып жүрген көрнекіліктер қорымен таныстырды. Бейнеу лицейінің математика пәні мұғалімі Қалиева Шынар

«Таңдау жасау өз қолында» атты тренинг арқылы қиындық туған жағдайда мәселені шешу, тығырықтан шығу жолын табуды үйретті.

Қазіргі таңда ҰБТ-дегі негізгі пәндердің бірі –математикалық сауаттылық. Осы логикалық есептерді шығарудың тиімді әдістерімен, заңдылықтарымен Бейнеу лицейінің математика пәні мұғалімі Назаров Саламат өз тәжірибесімен бөлісті.

Ағымдағы жылдың 28 қараша күні Бейнеу ауданында Бейнеу гимназиясында кезекті "Сұранысқа сай тың білім - қазіргі уақыт талабы" тақырыбында аудандық әдістемелік сабақ өткізілді. Әдістемелік сабақ бағдарламасы алдынала жасалып, хабарланды. Мақсаты - математика пәні мұғалімдерінің жаңартылған білім беру мазмұны жағдайында педагогикалық тәжірибесін жетілдіру, педагогтардың практикалық дағдыларын қалыптастыра отырып, әдістемелік көмек көрсету. Әдістемелік сабақта қарастырылған тақырыптар: Бейнеу лицейінің математика пәні



мұғалімі Қалиева Шынар "TIMSS есептерін шығару", Қарақұм орта мектебінің математика пәні мұғалімі Андабаева Нургул "Тригонометриялық теңдеулерді шешу тәсілдері", қауымдастықтың жетекшісі Суймухамедов Тойғалы "ҰБТ есептерін талдау".

Әдістемелік сабаққа Бейнеу ауданына қарасты барлық мектептердің математика пәні мұғалімдері қатыстырылды. Семинар соңында ұстаздардың ұсыныс-пікірлері тыңдалып, қорытындыланды.

**Нургул АНДАБАЕВА,**  
**«Қарақұм орта мектебі»**  
**КММ-нің**  
**математика пәні мұғалімі,**  
**Бейнеу ауданы**



МАҒЫСТАУ  
МҒАЛІМІ

Ақпараттық, танымдық және  
әдістемелік басылым

Бас редактор  
Елубаева Айымгүл Еңсенқызы

Меншік иесі: «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» акционерлік қоғамының филиалы  
«Маңғыстау облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты»

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат  
комитетінде 30.01.2013 жылы қайта тіркеуден өтіп, №13323-Г куәлігі берілген.

Мекен-жайымыз: Ақтау қаласы, 26 ш/а, 60-ғимарат  
Тел: 8(7292) 33-27-11. E-mail: mm\_gazeti@mail.ru

Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді,  
хаттар мен қолжазба қайтарылмайды.

Автор пікірі редакция көзқарасын білдірмейді.  
Деректердің дәлдігі үшін автор жауапты.

Газет айына 2 рет шығады.  
Жазылу индексі 66550

Газет редакцияның компьютерінде  
теріліп, беттелді.  
Газет ИП Старков С.А. 020000  
баспаханасында басылды.  
Кокшетау қаласы  
Әуелбеков көшесі, 98  
Талсырыс саны: 1813  
Таралымы - 241 дана